



# Nur Qorgaljyn

РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30  
ЖЫЛ

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық газет 1928 жылдан  
бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 36 (628) БЕЙСЕНБІ 5 ТАМЫЗ 2021 ЖЫЛ

## Алғабас мектебіне СУ тартылды

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мерекелі датаны бос сырыпшалдық пен пайдасыз шығындардан аулақ болып, нақты істер және жаңа жобалармен атап өтуді тапсырған болатын.



сумма қаржы құйылған іс бүгін аяқталды. Бұл қайырлы іс асар жасаған азаматтардың арқасында оң нәтижесін берді. Әуелде мектептегі осы су проблемасын Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары Дарын Сабырғалиұлы қолға алып, қажетті жұмыстарды жүргізді. Кәсіпкерлер, меценаттар, Бақтияр Шахманов, Жеңісбек Кулишев және аудан азаматтары Дархан Бейсембеков, Бауыржан Байқадамов сынды мырзалардың көрсеткен көмегі айқын. Сонымен қатар техникамен қамтамасыз етуде күш салған Нұра топтастырылған су құбырлары, Целиноград су арнасы мекемелеріне шексіз алғыс айтамыз. Ұрпақтың сапалы білім алуы кемел кешлегіміздің кепілі. Ал ол үшін барынша жағдай жасау ел басқарып отырған азаматтардың еншісінде. Олай болса, ауданымызда осынау қайырымды істер мен шаралар тағы жалғасып, халық мәселесі шешіле берсін демекпіз.

#Qazaqstan30  
#Aqmola30KZ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел тәуелсіздігінің отыз жылдық мерей тойын үкімет құрылымдарына тиімді әрі жоспарлы ұйымдастыруды тапсырған болатын. Яғни, мереке қарсаңында түрлі бағыттағы әлеуметтік жобалар, еліміздің түкпір-түкпірінде ұйымдастырылатын қайырымдылық акциялар, тың жаңалықтар мен жаңашылдықтар орын алуы тиіс екенін қадап айтты.

## Қорғалжын ауданында «Жас орнитолог» жобасы мәресіне жетті

Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы мемлекет басшысының мақсатты тапсырмасына барынша күш сала отырып, жан-жақты орындап келе жатыр. Сол секілді әлеуметтік маңызды мінездемесі бар «Жас орнитолог» жобасын ұйымдастыруды өңір басшылығы қолға алған болатын. Атап айтқанда, Қорғалжын ауданы әкімінің жаңадан тағайындалған орынбасары Дарын Сабырғалиұлы мен Қорғалжын экологиялық обсерваториясының негізін тізгіндеп отырған, кәсіпкер әрі Ұлттық дельфий комитетінің директоры, жастар жан ашыры Құралай Түспекова ханымның ұйымдастыруымен «Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен жастарға арналған «Жас орнитолог» қоғамдастығын құру» әлеуметтік жобасының жұмысы сәтті аяқталды. Аталған жоба Нұрсұлтан Назарбаев қорының 2021 әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесінің жеңімпазы. Жобаны Қорғалжын экологиялық обсерваториясы Нұрсұлтан

Назарбаев қорының гранты бойынша, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы әкімдігімен серіктестікте өткізді. Нұр-Сұлтан қаласынан Қорғалжын жеріне арнайы келген жас өрендерді аудандық Полиция қызметкерлері қарсы алып, жоба соңында шығарып салды. Шетінен талантты балалар аудандық Мәдениет үйінің сахнасында өз өнерлерін ортаға салды. Ән шырықпап, би биледі. Табиғат аясына серуенге шығып, Қорғалжын қорығында мекендейтін және Қызыл кітапқа енгізілген құстарды көрді. Қорғалжын қорығы Әлемдегі ерекше бақылауды талап ететін Рамсар Конвенциясының «А» тобына енгізілген. Жақын арада бұл қорықты Юнеско тізіміне кіргізуге жоспарланып отыр. Балалар Қызыл кітапқа енгізілген, құстың ең әдемісі – қызғылт фламингоны да тамашалап, көз ала алмады. Жастардың барлығы Фламингоны бақылау өте қызықты екенін атап өтті. Сонымен қатар жаңа достармен танысты. Өзен-көлдердің суына шомылып, Қорғалжын жерінің кереметін сезді.



Театрланған қойылымдарға қатысып, өздеріне қажетті жаңа ақпараттар алды. Әуелде, жобаның мақсаты ерекше қажеттіліктері бар жас натуралистерді практикалық орнитология сабақтарына тарту болды. Осылайша, жоба ұйымдастырушылары диттеген мақсаттарына жетіп, жас жеткіншіктерді бақыт сезіміне бөлей алды. Алдағы уақытта ауданымызда осындай ерекше күтім мен білімді қажет ететін балалар қатысатын шараларды көптеп ұйымдастыру жоспарлануда.

#Qazaqstan30  
#Aqmola30KZ

## Қорғалжын ауданы бойынша 2906 адам вакцина алды

Бүгінгі таңда Қорғалжын ауданындағы вакцина алуға жататын 3716 тұрғынның 2906 азамат вакцинаның 1 компонентімен егілді, бұл 78,2% құрайды.

Ал 2 компонентпен егілгендер саны 2000 яғни 53,8%. Алдымыздағы апта көрсеткіші бойынша күніне 10-15 адам екіге алса, осы аптада 20-25 адам вакцина алуға келген. Барлық статистикалық ақпаратты ауданның орталық ауруханасы беріп отыр. Интернет ресурстардың ақпары негізінде «2021 жылғы 5 тамыздағы мәлімет бойынша Қазақстанда I компонентпен 5 584 190 адам коронавирус вакцинасын салдырды, II компонентпен 4 148 969 адам егілді».



Вакцина инфекциялық агенттерді – вирустарды, бактерияларды немесе басқа да микроорганизмдерді инициациялайды.

Осылайша адамның иммунитеті жұмыс істеп және тіпті жұрптырақ қайтарады.

**COVID-19-ҒА ҚАРСЫ САЛЫНАТЫН ВАКЦИНА ҚАУІПТІ МЕ**

COVID-19-ға қарсы вакцинациялау кезінде ауру тудырмайтын, бірақ, сонымен қатар, иммунитетті жауапты қауіпсіз генерациялайтын, нәтижесінде иммунитеттің немесе ағзаның қорғаныш қабілетін пайдалана отырып фрагменттер құлданылады.

ДДСУ жалпай қолдануға рұқсат берген вакциналар ауруларға қарсы күресте олардың қауіпсіздігін және тиімділігін дәлелдеу мақсатында міндетті түрде тестіленуі және клиникалық сынақтардан өтуі, сондай-ақ ұлттық реттеуші стандарттарына сәйкес келетіндігі тексеріледі.

kazinfarm

## ХАБАРЛАНДЫРУ

"Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақмола облысы бойынша департаменті" РММ 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағын өткізу үшін мына санаттағы мамандарды өтемелі қызмет көрсету шарттары бойынша жұмысқа қабылдау туралы хабарлайды:

**1. Нұсқаушы-бақылаушы** (Қорғалжын ауданы бойынша 1 бірлік, жұмыс кезеңі 2021 жылғы 24 қыркүйектен 7 қарашаға дейін, жалақысы 125 014 теңге);

**2. Интервьюер (есепші)** (Қорғалжын ауданы бойынша 10 бірлік, жұмыс кезеңі 2021 жылғы қазанның 1-інен 30-ына дейін, жалақысы 104 179 теңге жалақы мөлшері жүктемеге сәйкес, жалақы мөлшері нақты орындалған жұмыс көлеміне байланысты).

**Еңбекке ақы төлеу өтемелі қызмет көрсету шартының негізінде, нақты көрсетілген қызмет үшін, зейнетақы жарналарын, жеке табыс салығын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын шегеруімен.**

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** жоғары немесе жоғары білімнен кейінгі білім, арнайы орта, кәсіби орта, орта білімнен кейінгі, жалпы орта білім, жұмыс өтіліне қойылатын талаптарды ұсынуды.

**Нұсқаушы-бақылаушының лауазымдық міндеттері:** бекітілген нұсқаулық телімінде интервьюерлердің жұмысын үйлестіру және бақылау, туындаған сұрақтар бойынша интервьюерлерге кеңес беру, санақ және дайындық іс-шаралар барысы туралы сұраулар бойынша есептерді құрастыру және жолдау, нұсқама жүргізу, жаңа қабылданған интервьюерлерді оқыту, алынған ақпараттық және есептік деректердің құпиялық қағидаттарын сақтау.

**Интервьюердің (есепшінің) лауазымдық міндеттері:** респонденттерге тікелей (жеке) бару арқылы сауал салуды жүргізу, өткізілетін санақтың мақсаты мен міндеттерін халыққа түсіндіру және алынған мәліметтерді планшеттің санақ парақтарына енгізу, күн сайын нұсқаушы-бақылаушыға бекітілген есеп телімінде өткізіліп жатқан жұмыс туралы хабарлау, алынған ақпараттық және есептік деректердің құпиялық қағидаттарын сақтау.

"Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақмола облысы бойынша департаменті" РММ Қорғалжын ауданы статистика басқармасы (021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Х.Болғанбаев көшесі, 19, анықтама телефоны: (8-71637) 2-18-37, электронды мекенжай b/kibaldina@aspire.gov.kz)

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

РГУ «Департамент Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан по Акмолинской области» для проведения национальной переписи населения Республики Казахстан 2021 года объявляет о приеме на работу по Договорам возмездного оказания услуг следующих категорий специалистов:

**1. Инструктор-контролер** (1 единица по Коргалжинскому району, период оказания услуг - 24 сентября - 07 ноября 2021 года, заработная плата - 125 014 тенге).

**2. Интервьюер (счетчик)** (10 единицы по Коргалжинскому району, период оказания услуг 01 - 30 октября 2021 года, заработная плата – 104 179 тенге. Размер заработной платы зависит от фактически выполненного объема работ).

**Оплата производится на основании Договора** возмездного оказания услуг, за фактически оказанные услуги, за вычетом пенсионных взносов, индивидуального подоходного налога, взносов обязательного социального медицинского страхования.

**Требования к участникам конкурса:** высшее или послевузовское образование, среднее специальное, среднее профессиональное, послесреднее, общее среднее образование, без предъявления требований к стажу работы.

**Функциональные обязанности Инструктора-контролера:** координировать и контролировать работу интервьюеров на закрепленном за ним инструкторском участке, консультировать интервьюеров по возникшим вопросам, составлять и направлять по запросу отчет о ходе проведения подготовительных мероприятий и переписи, проводить инструктаж, обучение вновь принятых интервьюеров, соблюдать принцип конфиденциальности полученных информационных и отчетных данных.

**Функциональные обязанности Интервьюера (счетчика):** проводить опрос респондентов путем их непосредственного (личного) посещения, разъяснять населению цели и задачи проводимой переписи и вносит полученные сведения в переписные листы на планшет, ежедневно информировать инструктора-контролера о проводимой работе на закрепленном за ним счетном участке, соблюдать принцип конфиденциальности полученных информационных и отчетных данных.

**Управление статистики Коргалжинского района РГУ «Департамент Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан по Акмолинской области»** (021300, Акмолинская область, Коргалжинский район, с.Коргалжын, улица Х.Болғанбаева, 19, телефон для справок: (8-71637)-2-18-37, электронный адрес: b.kibaldina@aspire.stat.kz

МЭМС жүйесіндегі мәртебеңізді Qoldau 24/7 қосымшасымен тексеріңіз

1 Мәзірден «Сақтандырылу мәртебесін тексеру» бөлімін таңдаңыз

2 ЖСН енгізіңіз

GooglePlay

AppStore



QR-кодты сканерлеп, мобильді қосымшаны жүктеңіз

Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы

Qoldau 24/7  
Call center 1406  
fms.kz

Проверьте свой статус застрахованности в ОСМС

Откройте ссылку <https://t.me/saqtandyrybot> или запустите приложение Telegram, в строке поиска наберите «SaqtandyryBot»

1 выбрать раздел «Определить статус застрахованности»

2 ввести ИИН



Telegram-бот @SaqtandyryBot

Qoldau 24/7  
Call center 1406  
fms.kz

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

### Еңбекмині медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын қазақстандықтар үшін көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту бойынша шаралар қабылдады

Заңнаманы жетілдіру аясында көрсетілетін қызметтердің сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік беретін «Медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) жасына байланысты, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін және мүгедектігі мен асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды пайдалану қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің № 139 бұйрығына өзгерістер енгізілді.

Жаңалықтар мынадай тармақтарда көрініс тапты: - зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларды пайдалану жөніндегі комиссия отырыстарына мүшелердің қатысуы енді төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде ка-

рантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда онлайн тәртіпте өтетін болады;

- комиссия отырысы қызмет алушыларды киіммен, аяқкиіммен, төсек-орын жабдықтарымен, техникалық қосалқы құралдармен және қатты мүкәммалмен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында, оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне кірмейтін санитариялық гигиенаның өмірлік маңызы бар заттарын, дәрілік заттар мен медициналық қызметтерді сатып алу үшін айына 1 реттен кем өткізілмейді;

- медициналық-әлеуметтік мекемелердегі қолма-қол ақшаны бақылау шотынан (бұдан әрі – ҚАБШ) қаражат есебінен сатып алуға жататын тауарлардың тізбесі көрсетілетін қызметті алу-

шылар үшін жеке қатты мүкәммалмен толықтырылды (кереует, көпфункционалы кереует, үстел, орындық, шкаф, кереует жанындағы тумбочка);

- медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын, мүгедектігі жоқ қарт адамдар енді дәрігердің тағайындауы бойынша ҚАБШ қаражаты есебінен техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен (балдақтар, таяқтар, жүру құралдары, корсеттер, бандаждар, емдік белдіктер, есту аппараттары, бөлмелік кресло-арбалар, серуендеуге арналған кресло-арбалар, сіңіргіш жаймалар (жаялықтар) қамтамасыз етіледі.

Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері мен жергілікті атқарушы орындар ұсынды.

## ЕСКЕ АЛУ

### Жарқын жүзді Жанагүл

Қорғалжын аудандық "Nur Otan" партиясы филиалы "Білім" Бастауыш партия ұйымының мүшесі Қорғалжын аудандық Білім бөлімінің әдіскері Елеуова Жанагүл Амангелдіқызы бүгінде ортамызда жоқ.

Әйел жаратылысынан нәзік болғанымен үйде де, түзде де зор жауапкершілікті абыроймен атқара біледі. Жанагүл ардақты ана, білгір маман болды. "Өмір – қас-қағым сәт, кірпік қағумен тең", - деп бекер айтылмаса керек. Шаңырағында балаларына, бауырларына, достарына мейірім шуағын төге білетін адал жан - Елеуова Жанагүл Амангелдіқызы келместің кемесімен мезгілсіз бақиға аттанып кетті.

Жанагүл Амангелдіқызы білім беру саласында 30 жыл қызмет атқарды. Өзінің шеберлігі мен жасампаздығы, еңбекқорлығының арқасында білім бөлімінің, білім мен тәрбие саласының жұмысын әрқашан жоғары деңгейде ұйымдастыра білді. Өзінен кейінгі жас мамандармен тәжірибесімен бөлісіп, ақылшы, кеңесші болды. Әріптестері марқұмды жұмыстағы білгірлігімен қоса тік мінезді шыншылдығымен, қуанышқа шын қуана білетін ашықтығымен таниды. Ау-

дан мектептері Жанагүл Амангелдіқызының шыңдауы мен жетекшілігінің нәтижесінде облыстық, республикалық байқаулардың талай мәрте жеңімпазы атанды.

Жанагүл Амангелдіқызы қызмет жолындағы еңбегі еленіп, Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы, Ақмола облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасы, Қорғалжын ауылының 90 жылдығына арналған мерейтойлық төс белгісі және тағы басқа да жоғары марапаттарға ие болды. Біз Жанагүл Амангелдіқызының отбасына, туған-туыстарына орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұмның жаны жәннатта, тәні рахатта болғай!

Қорғалжын аудандық "Nur Otan" партиясы филиалы.



## Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуді ақпараттық сүйемелдеу бойынша республикалық медиа-жоспардың ақпараттық блоктары



**Ақпан – «Қазақстан-спорттық ұлт»  
Месседждер:**  
- Қазақстандық спортшылар-Ұлт мақтанышы;  
- Қазақстан спортының жетістігі-Тәуелсіздікке қол жеткізу;  
- Ұлт денсаулығы-Қазақстанның табысты болашағының негізі;  
- Жастар арасында спортты насихаттау, өскелең ұрпақты салауатты өмір салты рухында тәрбиелеу-ұлтты сақтау жолы.

### Наурыз - «Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті»

**Месседждер:**  
- Ұлттық мәдениетті сақтау, оның құндылықтары мен дәстүрлерін жаңғырту-табысты жаңғырудың шарты қазіргі заманғы қоғам;  
- Қазақ халқының рухани құндылықтарын қайта жаңғырту, оның дәстүрлі негіздерін – ұрпақтар сабақтастығын, отбасылық құндылықтарды құрметтеу, толеранттылық, өзара көмек;  
- Қазақстан мен Ұлы дала мәдениеті-әлемдік қоғамдастықтың мазмұны мен мағынасы жағынан алуан түрлі әрі бай мәдениеттерінің бірі;  
- Отбасылық қарым – қатынас, бала тәрбиесі, туыстық байланыс қағидаты-қазақ халқының салт-дәстүрінің ерекшеліктері;  
- Қазақтар-барлық тарихи жырлар мен ойпаттарға өздерінің ұлттық "Мен" сөзін кіргізе білген ұлы өркеніеттердің мұрагерлері.

**Сәуір – «Ғылым және технологиялар»  
Месседждер:**  
- Жас қазақстандықтар ғылымда жоғары жетістіктерді көрсетуде;  
- Ғылыми жаңалықтар мен жаңа технологиялар экономикалық өсу мен өркендеудің факторы болып табылады;  
- Қазақстандық ғалымдар ғылыми жетістіктердің әлемдік қоржынына үлес қосуда;  
- Жаңа технологияларды, инновацияларды дамыту, жас мамандарды қолдау-елдің тұрақты экономикалық дамуына және зияткерлік ұлтты қалыптастыруға жол.

### Мамыр – «Ұлттық бірлік, бейбітшілік және тұрақтылық»

**Месседждер:**  
- Еліміздің Қарулы Күштері қазақстандық бірлік, тәуелсіздік және қауіпсіздік құндылықтарының сенімді қорғаушысы болып табылады;  
- Қазақстанның саясаты ұлтаралық татулық пен рухани консолидацияға бағытталған;  
- Қазақстан азаматтық, этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтап қалды және басқа мемлекеттер үшін үлгі болып табылады;  
- Қоғамдық келісімді сақтау және нығайту-біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің ажырамас шарты.

### Маусым-Патриотизм

**Месседждер:**  
- Мемлекеттік рәміздегемен Қазақстанның ажырамас атрибуты, елдің әрбір азаматының мақтанышы болып табылады;  
- Жаңа қазақстандық патриотизмнің іргетасы-бұл барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Қазақстанның табысты дамуы үшін ортақ жауапкершілігі;  
- Жаңа қазақстандық патриотизм-біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі;  
- Жаңа қазақстандық патриотизм – бұл азаматтың ел мен оның жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

### Шілде - «Астана күні. Нұр-Сұлтан-табыс пен өркендеудің символы»

**Месседждер:**  
- Нұр-Сұлтан-Тәуелсіздік символы, Қазақстан жетістіктерінің символы, қазақстандық қоғамның қарқынды өсуі мен өркендеуінің бейнесі;  
- Қазақстан елордасы-әлемдік қауымдастық пен Еуразияның жаңа геосаяси және геэкономикалық орталығы;  
- Нұр-Сұлтан-тарихи және мәдени мұраға бай, қарқынды дамып келе жатқан заманауи қала.

### Тамыз-Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері. Құқық үстемдігі және азаматтық қоғам

**Месседждер:**  
- Қазақстан өз азаматтарының аман-есен және лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық мемлекетті бекіту жолымен нық және дәйекті түрде жүріп келеді;  
- Конституция-қазақстандық қоғамды жоғары мақсаттарға ілгерілетуді регламенттейтін елдің Негізгі Заңы;  
- Конституция Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің берік негізіне айналды.

### Қыркүйек - «Білім»

**Месседждер:**  
- Болашақ еңбек нарығы және болашақ экономикасы-бұл, ең алдымен, білім, құзыреттілік, кәсібилік, құзыреттілік, Дағдылар, ғылым және интеллект нарығы мен экономикасы;  
- Білім беру жүйесі дұрыс институттарды қалыптастыру үшін негіз ретінде дұрыс мінез-құлқы пен өзара іс-қимыл модельдерін құруы тиіс;  
- Білім берудің сапасы мен қолжетімділігі елдің бәсекеге қабілеттілігінің және оның табысты дамуының негізі.

### Қазан - «Ауылды қайта түлету»

**Месседждер:**  
- Қазақстан әлемдік және өңірлік азық – түлік жеткізушісі, агроөнеркәсіптік кешен-елдің экономикалық өсуінің қосымша көзі болды және болып қала береді;  
- Еңбек адамының арқасында Қазақстан ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы өнімін өндіру саласында табыстарға жетті.

### Қараша -

#### «Индустриялық-инновациялық даму. Цифрлық экономика»

**Месседждер:**  
- "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы-республикадағы технологиялардың қарқынды өсуінің және қызметтер көрсетудің электрондық форматына қайта бағдарланудың негізі;  
- Қазақстан технологиялық серіктестік, деректер орталықтарын салу және орналастыру, деректер транзитін дамыту, Цифрлық қызметтердің жаһандық нарығына қатысу, цифрлық қаржы құралдарын пайдалану үшін ашық юрисдикция ретінде брендке айналады.

#### Желтоқсан - «Тәуелсіздік-орындалған арман. Қазақстан жолы»

**Месседждер:**  
- Тәуелсіздік-мемлекеттің басты құндылығы мен игілігі;  
- Елбасы бағдарының жалғасы ел дамуының жаңа кезеңінде қазіргі заманның сын-қатерлеріне жауап беретін табысты саяси дәстүрлердің кепілі болып табылады;  
- Тұрақтылық - Тәуелсіз Қазақстанның жасампаз дамуының басты шарты және әрбір қазақстандықтың болашағына сенімділіктің базалық негізі;  
- Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігі мен қалыптасуы Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи тұлғасымен тікелей байланысты.

### КАК ПРОВЕРИТЬ СТАТУС ЗАСТРАХОВАННОСТИ В ОСМС?

Проверить свой статус застрахованности в системе обязательного социального медицинского страхования можно несколькими способами:

#### Мобильное приложение QOLDAU 24/7

1 В меню необходимо выбрать раздел «Проверить статус застрахованности»

2 Ввести ИИН

Скачать приложение



#### Портал электронного правительства

В разделе «Здравоохранение» необходимо найти услугу «Выдача информации об участии в качестве потребителя медицинских услуг и о перечисленных суммах отчислений и (или) взносов в системе ОСМС»

1

2 Кликнуть на кнопку «Заказать услугу»

3 Указать ИИН



#### Telegram-бот @SaqtandyryBot

Откройте ссылку <https://t.me/saqtandyrybot> или запустите приложение Telegram, в строке поиска наберите «SaqtandyryBot»

1

далее - выбрать раздел «Определить статус застрахованности»

2

3 Ввести ИИН



#### Официальный сайт Фонда <https://fms.kz>

1

Плагин «Определить статус» расположен внизу с правой стороны

2

Ввести ИИН



### СОТ ЗАЛЫНАН!

#### Қорғалжын аудандық соты денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру туралы қылмыстық істі қарады

Қорғалжын аудандық сотында денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру мақсатында жәбірленушінің өліміне абайсызда әкеп соқтырған азамат М-ға қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106-бабының 3-бөлігі бойынша қылмыстық іс қаралды.

Сонымен, Қорғалжын ауылында 2021 жылы 24 сәуірде кешке қарай азамат М., азамат С-ның үйінде соңғы алкогольді ішімдіктерді бірге іше отыра, масаң күйде ескі реніштерін еске түсіріп, кек алу мақсатында денеге ауыр жарақат келтіру ойымен азамат С-ның басы мен денесіне қолымен және аяқтарымен қасақана бірнеше рет соққы жасаған. Сонымен қоса сынған орындықтың аяғымен жәбірленушінің басына және денесіне бірнеше рет соққы берген.

Ұрып алу нәтижесінде жәбірленуші азамат С. есін жимастан ауруханаға жеткізіліп, қайтыс болды.

Сот отырысында азамат М. өзіне тағылған айып бойынша өзінің кінәсін толығымен мойындап, жасаған ісіне өкініп, оны қатаң жазаламауың сұрады.

Сотта жәбірленушінің өкілі азаматша З., қайтыс болған азамат С. оның ағасы болғандығы туралы айты. Сотталушыға қатысты заңды шаралар қолдануды және соттың шешімі бойынша жаза тағайындауды сұрады.

Сот, тағайындау барысында жазаны жеңілдететін мән-жай ретінде сотталушының шын жүректен өкінуін, асырауында баланың болуы мен денсаулығының жағдайын ескерді. Ауырлататын мән-жай, мас күйінде қылмыс жасаған деп танып, жазасын қауіпсіздігі орташа мекемеде өтей отырып, 8 (сегіз) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

Үкім заңды күшіне енген.

**Б.Изахметов**

Қорғалжын аудандық сотының кеңсе меңгерушісі

#### Қорғалжын аудандық сотында 2021 жылдың 7 айының қорытындылары бойынша онлайн форматта брифинг өткізілді.

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық сотында 2021 жылдың 7 айының қорытындылары бойынша онлайн форматта брифинг өткізілді. Оған сот төрағасының міндетін атқарушы Зиада Асқар Болатұлы және «Нұр Қорғалжын» аудандық газетінің бас редакторы Шайзада Берікбол, Қорғалжын аудандық әкімдігінің Ішкі саясат бөлімінің басшысы Абышев Амангелді Қырықбаевич қатысты.

Брифинг барысында сот төрағасының міндетін атқарушы аудандық сотпен сот төрелігін жүзеге асыру бойынша 2021 жылдың 7 айы бойынша статистикалық мәліметтерді жариялады. Атап айтқанда: қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша 2020 жылдың 7 айының көрсеткіштерімен салыстырулар жасады.

Қорғалжын аудандық сотында 2021 жылдың 7 айында 4 қылмыстық іс қаралды.

Сотпен азаматтық істер бойынша 41 іс қаралып, оның ішінде 7 іс медиацияны



қолданумен тоқтатылды, 5 іс оңайлатылған тәртіппен және 3 іс бұйрық шығарумен қаралды. Сондай ақ 6 жекеше ұйғарым шығарылды.

Сонымен қатар 59 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қаралды. Сот қаулыларымен 53 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға келесі жазалар тағайындалды: 19 әкімшілік айыппұл, 34 әкімшілік қамаққа алу, 6 азаматқа қатысты іс тараптардың татуласуына байланысты медиация тәртібімен қысқартылды. Әкімшілік істер бойынша 2 жекеше қаулы шығарылды.

**Б.Изахметов**

Қорғалжын аудандық сотының кеңсе меңгерушісі

## Медиация рәсімі

Медиация қызметі халқымызға жат емес. Қазақтың би-шешендерінің көрегенділігі, тапқырлығы көпке үлгі. Бұрынғы билер дауласқан екі тарапты тыңдап, екі жаққа да ұтымды шешім қабылдап, не болмаса кінәсін мойындатып ғана қоймай, ортақ мәмілеге шақырып, татуластырып жіберген.

Әрі тарихтан кейбір дауларда құн төлетпей, бір-біріне кешірім беруге дейін барған талай оқиғаларды білеміз. Бұл қазақтың ақыл сөзге жүгініп, би-шешеннің шешіміне тоқтағандығын көрсетеді және осы арқылы ел ішінде тыныштық орнағанын байқаймыз.

Расында дау-дамай жүрген жерде, бірлік-береке де тыныштық та болмайды. Оның үстіне, дау қуған кез-келген адам өзін дұрыс санап, шындықты өз жағынан көретінін ескерсек, кейбір сот істері жылдарға созылады.

Ата-бабамыздан келе жатқан дәстүрді қолдану арқылы қаралып жатқан істер саны аз емес.

Бүгінде медиация заңына сүйеніп, мәмілеге келтіретін істердің басым бөлігін неке және отбасылық қатынасынан туындайтын, алимент даулау мәселелері және берешекті өндіру туралы істер құрауда. Еңбек дауы, кәсіпкерлер және жекеменшік серіктестер арасындағы қарыз өндіру, қызмет көрсету мен тауарды жеткізіп беру бойынша туындаған дауларды медиациямен шешу жиі ұсынылады. Соңғы уақытта татуласу рәсіміне жеке тұлғалардың баспасөз беттерінде, әлеуметтік желілерде ар-намысы, қадір-қасиетіне нұқсан келтіргендер арасындағы талап-арыз негізінде дауды шешу де қосылды.

Жоғарыда атап өткендей, медиация көмегімен шешілген істер уақыт үнемдейді. Сот жүктемесін азайтып, азаматтарды шығынға апармайтыны рас, бірақ ең маңыздысы – дауласушыларды адами тұрғыдан түсінісуге, өзара келісімге келуге, бір-біріне кешіріммен қарауға үйретті.

Мысалы, ерлі-зайыптылардың ажырасу ісінде немесе алимент өндіруде тараптар келісе алмай, бір-бірімен жанжалдасып жатады. Сөйтеді де бір дау, бір дауды қуып, неке бұзылып, ортақ шаруашылық жүргізген кездегі дүние мүлік бөлу туралы арызбен жүгінеді. Дауласушылардың арасындағы даулардан соң кейде артында қаншама адамның тағдыры жатқандығын естен шығарады. Яғни, ортақ некеден туған балалар, оларға төленетін алимент. Екі адамның келіспеушілігінен жақындары материалдық қана емес, психологиялық тұрғыдан зардап шегіп жатады. Әкесі алиментті өз еркімен төлеп тұрса, ол кезде баласы мен әкесі арасындағы қарым-қатынас сақталады, бұрынғы ерлі-зайыптылардың сыйластығы қалады.

Бүгінгі таңда кәсіби не болмаса кәсіби емес медиаторлардың татуластыру рәсімі осындай келеңсіз жағдайларға жол бермеуге ықпал етуде.

Бұл сауалға жауап бермес бұрын, осы бағытты дамытуда сот жүйесінде қандай жұмыстар атқарылғандығын атап өтсем 2011 жылдың қаңтарында Қазақстанда «Медиация туралы» заң қабылданып, тамызда қолданысқа енді. Содан кейін бұл саланы дамыту жұмыстары елімізде кезең-кезеңімен жүзеге асты.

Біріншіден халыққа жаңа заңды түсіндіру-насихат жұмыстары жүрді. Екіншіден жергілікті атқарушы билікпен бірлесе жұмыс жасап медиаторларды дайындау жұмыстары, оларды ынталандыру, бағыт-бағдар беру шаралары жүргізілді. Одан кейінгі сатыда медиация кабинеттері ашылды.

Дегенмен, кей кездері тараптар өздігінен татуласуға бара алмайды. Көрген зәбірінен шыға алмайды да, ішкі дүниесі, моральды-психологиялық ахуалы бірінші қадам жасауға мүмкіндік бермейді. Осы жағдайда кәсіби не кәсіби емес медиаторлар болсын, бұл мәселені оңтайлы шешуде рөлі күшті. Дауласушы тараптарға істің анық-қанығын саралап, түсіндіріп, тиімді тұстарын жеткізіп, өзара дұрыс шешім қабылдауға жәрдемдеседі.

Бұл тұста медиатордың заң тұрғысынан білімі болса, жеткілікті деген ой қате. Ол үшін психолог болу қажет, шешендік қасиетімен өмірлік тәжірибесі астасып жатса, ісінің шебері болары сөзсіз.

Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға медиация рәсімі қолданылмайды. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

Қорғалжын аудандық сотының судьясы А.Зиада

## Жоспардан тыс тексеру

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша аумақтық департаменті электр беру желісінің техникалық жағдайына шағымданған Ақмола облысы Бұланды ауданы орталығының тұрғынының жүгінуі бойынша, оның өтініші негізінде электр желісінің техникалық жай-күйіне қатысты «Ақмола электржелісін тарату компаниясы» акционерлік қоғамында (бұдан әрі - АЭТК) Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнама талаптарының сақталу мәні бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

0,4 кВ АЭТК электр беру әуе желілерінің техникалық жай-күйін жоспардан тыс тексерудің қорытындысы бойынша бұзушылықтарды жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасын бұзу фактілері анықталған жағдайда, Комитеттің Ақмола облысы бойынша аумақтық департаментіне: Көкшетау қаласы, М.Әуезов көшесі, 230



ғимараты, 22-кабинет мекен-жайы, тел. 8(7162)257867 бойынша хабарласуды сұраймыз.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы  
Әділжан Укпенев

## Технологическое присоединение к электрическим сетям

23 сентября 2020 года № 327 приказом Министра энергетики Казахстана утверждены Правила технологического присоединения к электрическим сетям энергопередающих организаций (далее - Правила).

Для технологического присоединения заявитель или его представитель подает заявление на технологическое присоединение электрических установок с установленной мощностью до 200 кВт субъектов предпринимательства к электрическим сетям энергопередающей организации по форме, согласно приложению 1 настоящих Правил. Требования Правил будут распространяться только на объекты электроснабжения субъектов предпринимательства до 200 кВт для максимального упрощения процесса присоединения к электрическим сетям. Согласно требованиям действующего законодательства получение необходимой технической документации, реализация проекта строительства осуществляется потребителем самостоятельно с привлечением специализированных организаций (проектные, строительно-монтажные и др.).

Правилами предусмотрены, что технологическое присоединение к сетям будет осуществляться путем заключения соглашения с электросетевой организацией. Для технологического присоединения энергопередающая организация заключает договор с заявителем в соответствии с Типовым договором технологического

присоединения электрических установок с установленной мощностью до 200 кВт субъектов предпринимательства к электрическим сетям энергопередающей организации. Нужно отметить, что это совершенно новое направление на рынке услуг «подключение под ключ». После заключения такого соглашения потребителю больше не будет необходимости сталкиваться со всеми техническими и документационными тонкостями получения доступа к электроснабжению. Энергопередающая организация принимает на себя обязательства по осуществлению технологического присоединения к своим электрическим сетям, а субъект предпринимательства обязуется оплатить затраты на технологическое присоединение. Все необходимые мероприятия (оформление технической документации, составление проекта строительства, производство строительно-монтажных работ, проведение испытаний и т.д.) будут проводиться электросетевой организацией в рамках взятых на себя обязательств от самого начала и вплоть до подачи электрической энергии на электроустановки потребителя.

При этом действующий механизм, когда потребитель

самостоятельно производит все работы также останется законным и право выбора остается за потребителем.

Согласно п. 3 Правил технологического присоединения осуществляется в следующих случаях:

- 1) подключения вновь вводимых или реконструируемых электрических установок
- 2) ранее присоединенных электрических установок, максимальная мощность которых увеличивается в пределах до 200 кВт;
- 3) изменения схемы внешнего электроснабжения;
- 4) изменения категории надежности электроснабжения электроустановок;
- 5) изменения точки присоединения электрических установок.

С Правилами можно ознакомиться на информационно-правовой системе нормативных правовых актов «ӘДІЛЕТ» Министерства юстиции Республики Казахстан.

Руководитель территориального департамента Комитета атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан по Акмолинской области  
Адилжан Укпенев,  
8(7162) 257867

Открылось наследство после смерти на имя Хаметова Сатена дата смерти 21.12.1993 г. Наследникам и заинтересованным лицам к нотариусу Мамбетбаеву Н. С.

Құрылтайшы меншік иесі:  
ЖШС «Нұр-АяуЖан»  
Б. Шайзада  
Бас редактор:  
Ботагөз Сембайқызы

Мекен-жайы:  
Ақмола облысы,  
Қорғалжын ауылы,  
Досымсейіт Отарбеков көшесі 9,  
тел: +77756709906  
+77026437002

Газет  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және Ақпарат министрлігі  
Ақпарат және Мұрағат комитетінде тіркеліп,  
№12797-Г куәлік алған  
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»  
«Нұр-АяуЖан» ЖШС  
редакциясында теріліп жиналды,  
«Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС  
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,  
Тапсырыс № 647  
Таралымы 600 дана  
Аптаның әр бейсенбі күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның көз-қарасын білдірмейді.  
\*\*\*\*\*  
Қол жазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды  
\*\*\*\*\*  
Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес  
\*\*\*\*\*  
Ұсынылған материалдардағы фактілер үшін автор жауап береді  
\*\*\*\*\*  
Интернеттен алынған ақпараттар басқа автор атынан жарияланбайды.